



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

№42 БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

2016 жылғы 2 желтоқсан

Алматы қ.

«Сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасын Заң жобасы (бұдан әрі - Заң жоба) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы №954 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту тұжырымдамасын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №1378 қаулысымен бекітілген 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасында қызмет көрсету саласын дамыту бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобалау жұмыстарының 2017 жылға арналған жоспары жобасын орындау шеңберінде әзірленген.

Заң жобасын әзірлеу мақсаттары мыналар:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын жетілдіру және оны халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру;

- қаржы қызметтерін тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың тиімді механизмін қалыптастыру, бұл жеке тұлғалардың сақтандыру қызметтерін жеткізушілеріне деген сенімін арттырады.

Ел экономикасының қазіргі кезеңдегі даму деңгейі, оның әлемдік жүйеге енуі, дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі және жаһандану процесстері сақтандыру саласына жаңа мақсаттар мен міндеттер қояды.

Еліміздегі сақтандырудың жеткіліксіз дамуы көптеген факторлармен байланысты, атап айтқанда сақтандыру өнімдерін алуға экономикалық ынталандырудың болмауы, компаниялар ұсынатын сақтандыру қызметтерінің жеткіліксіз болуы, қолжетімді және сапалы қызмет көрсетудің жоқтығы, халық тарапынан сенімнің болмауы.

Осыған байланысты сақтандыру ұйымдарының ерікті сақтандыру, міндетті сақтандыру бойынша қызметін реттейтін, сондай-ақ сақтандыру нарығының инфраструктурасын дамыту бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерін кешенді түрде қайта қарау қажет.

Міндетті сақтандыру жүйесінде оның тұрақты дамуына кедергі жасайтын проблемаларды шешу қажетті, атап айтқанда:

- сақтандыру өнімдерін халыққа қол жетімді жасау және міндетті сақтандыру бойынша тікелей сатуларды дамыту мақсатында онлайн-сақтандыру механизімін енгізу, бұл сақтандыру агенттерін ерікті сақтандыру сыныптарына өтуіне ынталандырады;

- сақтандырудың шарттарын заң арқылы емес, тараптардың келісімі арқылы белгілеуге мүмкіндік беретін міндетті сақтандыру жүйесін әрі қарай дамыту, бұл тәуекелдерді және клиенттің қажеттіліктерін ескеруге мүмкіндік береді;

- туристті шет елге шығу кезінде оны қорғау мақсатымен турист тәуекелін сақтандыру жүйесін қайта қарастыру;

- сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру агенттерінің қызметінің айқындылығын қамтамасыз ету, сонымен қатар сақтандыру агенттері туралы мәліметтерді және сақтандыру шартында комиссиялық сыйақының бар-жоғын жария ету.

Ерікті сақтандыру бойынша мынадай шараларды іске асыру қажет:

- дамыған мемлекеттердің тәжірибесінде қолданылатын салық салу жүйесі арқылы жинақтаушы өмірді сақтандыру өнімдерін дамытуды ынталандыру және оларды қолдау, ол өз кезегінде жинақтаушы өмірді сақтандыру бойынша сақтанушылардың санын көбейтеді, бұл бюджетке салық төлемдерінің көбеюіне алып келеді;

- зейнетақы аннуитеттік сақтандыруды салымшылардың мүдделерін ескеретін сақтандыру өнімдерін көбейту арқылы әрі қарай дамыту.

Сақтандыру нарығының инфраструктурасын әрі қарай дамыту үшін мыналар қажет:

- міндетті және басқа да әлеуметті маңызды сақтандыру сыныптары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру механизмін жетілдіру;

- сақтандыру омбудсманының сотқа дейінгі реттеу бойынша қызмет аясының барлық сақтандыру сыныптары бойынша таралуы, бұл клиенттің сот органдарына жүгінбей сақтандыру төлемдерін реттеуді тездетуге мүмкіншілік береді;

- сақтандырушылар, сақтанушылар және мемлекеттік органдар үшін сенімді және толық ақпаратты қамтитын сақтандыру шарттары бойынша эталонды деректер қорын құру;

- өзін-өзі реттейтін ұйым нысанында актуарийлердің кәсіби бірлестігін құра отырып, актуарлық қызметті дамыту.

Заң жобасын қабылдау оң құқықтық және әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкеледі, сақтандыру нарығының дамуына жағдай жасайды, сақтандыру ұйымдары клиенттерінің сенімінің артуына, сондай-ақ сақтандыру нарығына қатысушыларды құқықтық реттеудің тиімділігінің артуына әкеледі.

Оның әлеуметтік салдары сақтандыру шарттарын жасасқан кезде жеке және заңды тұлғалардың мүлктік және жеке мүлктік емес құқықтарының қорғалуын жоғарырақ деңгейде қамтамасыз етуден, халық және бизнес үшін сақтандырудың қолжетімді болуын қамтамасыз етуден, сақтандыру нарығының бәсекелестігін арттырудан тұрады.

Толығырақ ақпаратты мына телефон бойынша алуға болады:

+7 (727) 2704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz